## СИПАТТАМАСЫ

**A** Термостат
**B** Қосқыштар

**Электр желісіне қосу**

Розеткаға қосу алдында розетканың кернеуінің құрылғыда көрсетілген V (Вольт) мәніне сай екеніне және қуат сымының қажетті жүктеу шамасына сай екеніне көз жеткізіңіз.

## АЯҚТАРЫН БЕКІТУ

Аяқтары келесілерден тұрады:
2 x аяқтар
2 x 3,9X13 төрт қырлы бұрандалар 

**Қажетті құралдар мен орнату үшін қажет уақыт:**

Төрт қырлы 2x100 бұрауышы
Жуықталған уақыты: 5 минут

**Аяқтарды орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:**

- Құрылғының бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз.
- Аяқтарды1-суретте көрсетілгендей етіп, 2 бұрандамен бекітіңіз.
- Құрылғының артын жоғары қаратып төңкеріңіз де, еденге аяқтарымен қойыңыз.

## ЖҰМЫС ІСТЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

**Құрылғыны іске қосу**

**Термостаты бар үлгілерде ғана**

Термостат тетігін сағат тілі бағытымен (А) соңғы параметрде тоқтағанша бұрау арқылы іске қосуға болады. Бұл құрылғыны өшіру үшін, тетікті ең төменгі бағытқа дейін бұрап, оның аша қосқышын розеткадан суырыңыз.

**Термостаты және екі қосқышы бар үлгілер**

Термостат тетігін (А) сағат тілімен барынша бұрап, қосқыштарды (В) қызыл бөлік көрінгенше басыңыз:

- түйме тек «**I**» бағытында болғанда = төменгі қуат.
- түйме тек «**II**» бағытында болғанда = орташа қуат.
- түйме «**I**» және «**II**» бағыттарының екеуінде де болғанда = жоғарғы қуат.
- құрылғыны толық өшіру үшін екі қосқышты "О" күйіне басыңыз, термостатты (А) ✱ күйіне бұрап, ашаны розеткадан суырыңыз.

**Термостатты реттеу**

Бөлме температурасы қалаған деңгейге жеткен кезде, термостат тетігін сағат тілі бағытына қарсы параметр орнатылғанша (яғни, «сырт» еткен дыбыс шыққанша) бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз. Одан кейін термостат орнатылған температураны автоматты түрде реттейді және тұрақты күйде сақтайды.
Егер құрылғыңыз 2 қосқышы бар түрде болса, жылылау мезгілдерде және онша суық емес күндері тек олардың біреуін ғана пайдаланасыз. Осылайша сіз аз ғана электр қуатын тұтынып, қуатты анағұрлым көбірек үнемдейтін боласыз.

**Қатуға қарсы функция (тек термостаты бар үлгілерде)**

Қызыл аймақ көрінгенше қосқышты (немесе қосқыштарды) бұрап, термостат тетігін ✱. параметріне бұраңыз.
Осылайша реттелген кезде, құрылғы ең аз қуат мөлшерін тұтына отырып, бөлме температурасын 5° C деңгейінде сақтайды.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

| | |
|---|---|
| Қуат көзі | Мәліметтер тақтасын көріңіз |
| Тұтынылатын қу | “ |

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

| | |
|---|---|
| Бұйым түрі: | өнімдегі таңбалауға қараңыз |
| Үлгі: | “ |
| Кернеу: | “ |
| Жиілік: | “ |
| Қуаты: | “ |

**Қытайда:**

De’Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де’Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

**Кедендік одақтар териториясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:**

“Делонги” ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

**Сақтау шарттары:**
Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы бөлмелер.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған  сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін.  (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC